



Орда байларының бас көтеруі

1928-1932 жылдардағы күштеп ұжымдастыру саясатының салдары Орда ауданының ауылдарына да зардабын тигізген. 1930-1932 жылдары аудандағы №1 ауыл, Қасымтау және Сүйіндік ауылдарының байлары жергілікті кеңестік билік органдарына және колхоздастыруға қарсы бас көтереді. Оған

Батыс Қазақстан облысы Полиция департаменті архивінен табылған құжаттағы деректер айқын дәлел.

Архивте Құлбай Сырымбеков, Үмбетәлі Өтәлиев және басқаларын Қылмыстық кодекстің 58-10, 59-13-баптары бойынша айыптаған П-3271 нөмірлі құжаттық іс сақталған. 1930-1932 жылдары бай-кулактарды тап ретінде жою бағытында өткізілген ұжымдастыру науқанын жүзеге асыру кезеңінде Батыс Қазақстан облысының байлары белсенділік танытып, кеңестік билікке қарсы бүліктер жасаған.

№1 ауыл, Қасымтау және Сүйіндік ауылдарында қалған байлардың алғашқы контрреволюциялық қызметтері 1929-1930 жылдары ұжымдастыру кезеңінде басталады. Байлар колхоздарды ыдыратудың әдісі ретінде тұрғындардың арасында антиколхоздық үгіт-насихат жүргізуді, сондай-ақ колхозға мүше болып кіріп алып, оны ішінен ыдыратуды тандап алған. Байлардың келісіп жасаған әрекеттерінен колхоздар тарқап кетіп отырған.

1930 жылы Қасымтау ауылында колхоз ұйымдастырылады. Ауылдың байлары колхозға қосылуды құптайды. Колхоз құру барысында жергілікті биліктің жауапты адамдары Қадырғали Исмағамбетовтен шаруа қожалығын уақытша пайдалануға сұраған. Алайда Қадырғали колхозға өзінің қыстауын беруден үзілді-кесілді бас тартып, «сендердің колхоздарың бәрібір ұзаққа бармайды» деп кесіп айтқан.

Сол кезеңде Қасымтауда Кәкіш Алманов пен Әлмеғамбет Уаисовтың басшылығымен байлардың ұйымы құрылады. Олар өздерінің жағына үгіттеу арқылы орташалар мен кедейлерді тартып, жиналыс кезінде бүлік шығарып, жергілікті кеңестік органның өкілдерін, оның ішінде ауылдық кеңес төрағасын, хатшысын ұрып-соққан. Ақырында байлардың ұйымы Қасымтау ауылын-

жақта өмір сүру қолайлы екенін айтып, оларға Қалмақ облысына көшіп келуге кеңес бергенін баяндаған. Мұнда үш күндей болып, Иманғали екеуі Джакуй қаласына тағы бір туысканы Шавали Қасымовқа барғанын атап көрсеткен.

Орда ауданының Сүйіндік ауылының тұрғыны, сол уақытта кулак ретінде анықталған Арыстанғали Ихласов 1929 жылдың аяғында байдың санатына жатқызылып, астық дайындау науқаны кезеңінде 5 пұт бидай салығы салынғанын, оны төлей алмаған соң мал-мүлкі тәркілеуге ұшырағанын айтқан. Дегенмен артынан салығын толықтай өтеген соң, мал-мүлкін кейін қайтарып алған. Бұдан кейін ол қолындағы бар малын түгелдей сатып, 1930 жылдың жазында Қалмақ облысының Замыня ауылына көшіп кеткен. Кейінірек ол жаққа ордалықтардан он шақты шаруашылық көшіп барған, оның ішінде Оспан Қарамолдин, Мүшкен Дәулетияров, Қажығали Дербісалиев және т.б. бар. Сонымен бұлардан басқа шаруашылықтар да күштеп ұжымдастыру саясатына шыдамай, Астрахань, Қалмақ жеріне көшіп кетіп отырған.

Арыстанғали 1932 жылы ақпан айында Астрахань облысында Орда ауданынан барып базарда мал сатып жүрген адамдарды құзырлы органдар жаппай ұстай бастағанын айтқан. Миллиционерлер кейін ауылға келіп, үй-үйді тінтіп, Қажығали Дербісалиевті тұтқындаған. Одан бөлек барлығы 26 адамды ұстап, Қалмақбазар ауданына алып барған, кейін Астрахань түрмесіне қамаған. Арыстанғали Астраханьдағы қамаудан тек төрт айдан соң ғана босап шыққан. Сөйтіп, күштеп ұжымдастыруға наразылық білдірген Орда ауданында қалған байлар да алдарындағы малдарын сойып, Астрахань базарларында сау-



Жиынға қатысушылардың барлығы оған қолдау білдіріп, Қалмақ облысына өз араларынан уәкіл ретінде Кәкіш Алманов, Ақмолда Бегешанов, Үмбетәлі Өтәлиев пен Сүлеймен Қараевты жіберуге бірауыздан шешім қабылдаған.

Қасымтау ауылының тұрғыны Жүніс Жамаловтың тергеуде айтқаны бойынша күштеп ұжымдастыруға қарсылық білдірген Қ.Исмағамбетов, Ү.Өтәлиев, С.Айтжанов ауылдық биліктің кеңсесіне келіп, сүтті мал берулерін талап еткен, олай болмаған жағдайда басқа ауданға көшіп кетеміз деп корқытқан. Ақырында үшеуі де өз ауылдарынан қашып шығып, Астрахань жаққа қарай көшіп тынған. Астрахань аумағына барып қоныстанған Қ.Исмағамбетовтің екі ұлының бірі Дінім Қадырғалиев 1930 жылы көшіп кетсе, екіншісі Имаш Қадырғалиев 1931 жылы көшіп барған. 1932 жылы Имаш Қасымтау ауылына келіп, Орда ауданына қайтып көшіп келмекші болған, дегенмен ол сол кеткеннен қайтып оралмаған.

1932 жылы 26 мамырда Орда аудан-

өзінің айтуы бойынша сотталмаған, 1929-1930 жылдары колхоздарды ыдырату бойынша байлар тобының белсенді мүшесі болған.

3. Үмбетәлі Өтәлиев – 41 жаста, Қасымтау ауылының тұрғыны, революцияға дейін бірнеше жыл старшын болып қызмет атқарған, 1921-1922 жылдары банды Орынғалидың тобына белсенді қатынасқан, бай, сайлау құқығынан айырылған, шала сауатты, партия қатарында жоқ, малшы, отбасылы, 1931 жылы сотталған, өйткені 1930 жылы колхоздарды ыдырату бойынша байлар тобына кірген, кеңестік қызметкерлерді ұрып-соғуға қатынасқан, Сырымбековтің үйінде өткен жасырын жиында Жаңақала көтерілісі басшылары Сұлтанғалиевпен және басқаларымен байланыс орнату қажеттігін, Қалмақ жерінен қару-жарақ алу және Қалмақ облысына көшіп кету жөнінде айтқан.

4. Құбай Айтқалиев – 49 жаста, Қасымтау ауылының тұрғыны, бай, сай-

қызметтер атқарған, 1918-1919 жылдары ақтардың кезеңінде өз еркімен Анохиннің отрядына қосылып, бейбіт тұрғындарды шабуылдау әрекеттеріне қатынасқан, әлеуметтік шыққан тегі жағынан ірі байдың ұлы, өзі де бай, сайлау құқығынан айырылған, сауатты, партия қатарында жоқ, малшы, отбасылы, 1930 жылы мал саудалағаны үшін сотталған, Қалмақ облысында жасырынып жүрген байлармен байланысы бар, халықты көшуге үгіттеген және кеңестік билікке қарсы шығуға шақырған.

1932 жылы 1 желтоқсанда Орда ауданының №1 ауылы, Қасымтау және Сүйіндік ауылдарының тұрғындарына қатысты «қылмыстық істің» айыптау қорытындысы шығарылып, бұл құжат ҚАССР-і ОГПУ-ының саяси өкілдері үштігінің соттан тыс қарауына жолданған.

1932 жылғы 28 желтоқсандағы ОГПУ жанындағы саяси өкілдер үштігінің отырысында №354 айыптау ісі бойынша Қаби Құрмашев пен 9 адамға қатысты

да ұйымдастырылған колхозды таратып жібереді. Бұл ұйымның қатарында Кәкіш Алмановпен бірге Жүніс Жамалов, Құлбай Сырымбеков, Өтегүл Сырымбеков, Құбай Айтқалиев, Үмбетәлі Өтәлиев, Қадырғали Исмағамбетов, Шәкір Жәрдемов, Ахмеджан Жәрдемов, Омар Жетібаев, Қаби Саржігітов, Жәрдем Кенжеғалиев, Хайретдин Әбужапаров, Медекеш Зайналиев, Самау Жакыпов секілді байлар белсенді әрекет етіп, ауыл қызметкерлерін, коммунистерді ұрып-соғуға қатысқан. 1931 жылы күзде ауыл кедейлері байлардың жасаған істеріне наразылық ретінде кедейлердің жалпы жиналысында аталған байлардың барлығын колхоздың құрамынан шығарып жібереді. Колхоздан шығып кеткен байлар енді Астрахань, Қалмақ облыстарына қарай қоныстану жағын қарастыра бастаған.

Осыған ұқсас жағдай Орда ауданының №1 ауылында да болған. Сол ауылдың байлары Қасымтау ауылының байларымен тығыз қарым-қатынас ұстайды. Колхозды ыдырату мақсатында біріккен топқа Қаби Құрмашев, Ықсанғали Мұқанов жетекшілік жасаған. Көтерілісшілер бастапқыда жасырын жиналыстар өткізсе, кейін колхоздастыруға ашық түрде қарсы шығып, колхоздың мал-мүлкін тонаумен айналысқан. Байлардың антиколхоздық әрекеттері анықталған соң олар да колхоздан шығарылған.

Сүйіндік ауылының байлары Лұқпан Бектеміров, Омарғали Жанғалиев Қасымтау ауылының байлары Құлбаймен Сырымбеков, Үмбетәлі Өтәлиев және т.б. байланыс орнатып, ауыл тұрғындары арасында кеңестік билікке қарсы үгіт-насихат жүргізіп, Астрахань, Қалмақ облыстарына көшіп кету жөнінде жиі айтып отырған.

1931 жылдың аяғында Құлбай Сырымбеков колхоздан шығарылғаннан кейін Астрахань округіне қарай қашқан, одан әрі Қалмақ облысына барып, ол жакта бір ай болып қайтқан. Шындығында Құлбай Қалмақ облысына Қасымтау ауылынан бұрынырақ кеткен Қажығали Сұлтанғалиев, Шавали Қасымов секілді байлармен кездесіп, сол жакқа өз отбасыларымен бірге көшу мәселесін ақылдасу үшін барған.

Құлбай Сырымбеков тергеуде берген өз жауабында малын жаппай сатып жібергені үшін колхоздан шығарылып, жеке салық салынғаннан кейін Иманғали Бактыбаевпен бірге Қалмақ облысының Андреевка хуторына сол жакта жасырынып жүрген күйеу баласы Қажығали Сұлтанғалиевке барғанын мәлімдеген. Әңгіме барысында Қажығалидың бұл

далап отырған. Бұл байлар үшін малдарын колхозға өткізбеудің бір амалы еді. Алайда байлардың бұл әрекеттері кейін өздеріне айып болып табылды.

1932 жылы 25-26 наурызда Үмбетәлі мен Құлбай Сүйіндік ауылына келіп, тұрғындармен кездеседі. Олар елдегі жағдайдың күрделі екенін, халықтың ашаршылыққа ұшырағанын, тіпті биліктегі қызметкерлердің өздері де ашығып жүргенін айтқан. Егер жағдай ушыға берсе, жұмысшылар мен қызметкерлердің өздері көтеріліске шығатынын, бәрінен бұрын кеңестік билік осыдан қорқып отырғанын атап көрсеткен. «Енді ауылда тыныш өмір сүру мүмкін емес, сондықтан бас ауған жакка кету керек, ең болмағанда Астрахань округіне немесе Қалмақ облысына қарай бару керек. Ол жакта жағдай жаксы, саудамен айналысып азық табуға да болады», дейді олар. Лұқпан Бектеміров қонақтардың сөзін қостап, қанша рет айтса да ешкімнің көшкісі келмейтінін, егер өзіне салынған міндеткерліктен құтылса, бірден «Астрахань жакка жасырынып кететініме сөз беремін», деп уәде еткен.

1932 жылы сәуір айының басында Құлбай Сырымбеков мен Қаби Құрмашев ауылды аралап, Ө.Сырымбеков, Ж.Өрнеков, Қ.Саржігітов, Ж.Жамаловтың үйлерінде болады. Колхозға қайтадан кіру үшін арыз беру мақсатында олармен Ордаға бірге баратын болып келіседі. Құлбай Қалмақ облысына жасаған сапары жөнінде әңгімелеп, ол жакта билікке қарсы қарулы «бандалық топтың» бар екендігін, жағдай күрделене берсе, сол жакка қарай кетудің қажеттігін айтқан. 4 сәуірде К.Сырымбеков, Ө.Сырымбеков, Қ.Құрмашев, Ж.Өрнеков, Ж.Жамалов, Қ.Саржігітов барлығы бірге Ордаға барады. Алайда ауылдағы таптық күрестің тіптен шиеленісе түскеніне қарағанда байлардың колхозға қайта кіру ниеттері орындалмағанға ұқсайды.

1932 жылы 26 сәуірде Құлбай Сырымбековтің Қарат сойған мекеніндегі үйінде түнде байлардың жасырын жиналысы өтеді. Оған барлығы 20 шақты адам қатысқан. Жиналыста Ү.Өтәлиев, С.Айтжанов, К.Сырымбеков, Ш.Жәрдемов және Ж.Жамалов кезекпен сөз алып, жақын арада Кеңес өкіметінің құлайтынын, Қалмақ облысында жүрген Қажығали Сұлтанғалиев және Омар Жетібаевпен (1931 жылғы Жаңақала көтерілісінің белсенді «бандалары») байланыс орнатып, олардан қару-жарақ алып, Кеңес билігіне қарсы шығуға дайын болуы керектігін айтқан. Олар кейін колхоздың малын айдап, Қалмақ облысына қарай көшіп кетуді жоспарлаған.

ны Теректі ауылының тұрғыны Қаби Құрмашев қамауға алынған. №1 ауылдың тұрғындарынан Қ.Құрмашевпен бірге айып табылғандардың ішіндегі Ықсанғали Мұқанов Вологда қаласына, Ишанғали Бөкенбаев Сібір өлкесіне бұрынырақ жер аударылған, ал Жақсымбек Ирғазиев, Ықсан Көпжанов, Бисенбай Омаров, Сүндетқали Ажығалиев, Зұлқайыр Харесов тергеуден қашып жүрген және оларға іздеу жарияланған.

1932 жылы 3 шілдеде Орда ауданы Сүйіндік ауылының байлары – О.Жанғалиев, З.Жанғалиев, Ү.Досқалиев, Ғ.Ұсағалиев, Ш.Ұсағалиев, Қасымтау ауылының байлары – Қ.Сырымбеков, Ү.Өтәлиев, Қ.Исмағамбетов, Ж.Жамалов, Ө.Сырымбеков, Қ.Саржігітов, Қ.Айтқалиев, Т.Мұлхайдаров, Ш.Жәрдемов қамауға алынған. Ал 2 шілдеде Ж.Жұмағалиев, А.Ихласов қамауға алынған екен, кейінірек Л.Бектеміров тұтқындалған. Қамауға алынғандардың барлығы да БҚО бойынша ОГПУ-дың тергеу изоляторына Орал қаласына жөнелтілген.

Қараша айында тергеу барысында кінәлары анықталмаған азаматтарды қамаудан босатса, Қ.Құрмашев, Қ.Сырымбеков, Ү.Өтәлиев, Қ.Айтқалиев, Ш.Жәрдемов, Ө.Сырымбеков, Т.Мұлхайдаров, Л.Бектеміров, О.Жанғалиев – барлығы 9 адам Қылмыстық кодекстің 58-10, 59-13-баптары бойынша айып-тала бастаған. Қаби Құрмашевтан басқалары өздеріне табылған кінәні мойындамаған. Ал осы іс бойынша белсенділер ретінде қаралып жатқан Қ.Саржігітов, Қ.Исмағамбетов пен Ж.Жамалов Оралдағы еңбекпен түзеу мекемесінде денсаулықтарының нашарлауына байланысты қайтыс болған.

Орда ауданының №1 ауылы, Қасымтау және Сүйіндік ауылдарының кеңестік билік саясатына ашық қарсы шықты деп жазықсыз айыпталған азаматтарға қатысты архив құжатында мынадай деректер бар:

1. **Қаби Құрмашев** – 53 жаста, №1 ауылының тұрғыны, 1907-1909 жылдар аралығында старшының хатшысы, 1919-1920 жылдары актәр кезінде старшын қызметтерін атқарған, бай, сайлау құқығынан айырылған, сауатты, партия қатарында жоқ, отбасылы, 1928 жылы сотталған, 1930 жылы ұжымдастыру кезеңінде Ықсанғали Мұқановпен бірге колхоздарды ыдырату бағытында байлардың тобын құрып, жетекшілік жасаған.

2. **Құлбай Сырымбеков** – 49 жаста, Қасымтау ауылының тұрғыны, бай, сайлау құқығынан айырылған, сауатсыз, партия қатарында жоқ, отбасылы, малшы,

лау құқығынан айырылған, сауатсыз, партия қатарында жоқ, малшы, отбасылы, өзінің айтуы бойынша сотталмаған, 1930-1932 жылдары Қасымтау ауылында колхозды ыдырату бойынша байлардың тобын құрып, жетекшілік жасаған. Колхоздастыруға қарсы үгіт-насихат жүргізу арқылы Қасымтау ауылындағы колхозды таратып жіберген. Бұл мәселелер бойынша Орда ауданының №1 ауылындағы байлар тобының жетекшісі Қаби Құрмашевпен байланыс орнатқан. Олардың байланысы басында жасырын жиналыстар өткізумен шектелсе, кейін колхоздарға ашық қарсылық білдіру, колхоздың мал-мүлкін тонау арқылы көрініс берді. Кеңестік билікке қарсы және жеңілмеуге үгіт-насихат жүргізіп, колхозшыларды колхоз малын өз бетінше сойып алуға, колхоздан шығуға итермеледі.

5. **Шәкір Жәрдемов** – 30 жаста, Қасымтау ауылының тұрғыны, бай, сайлау құқығынан айырылған, шала сауатты, партия қатарында жоқ, малшы, отбасылы, 1931 жылы малын әдейі сатқаны үшін сотталған, колхоздарды ыдырату бойынша Қасымтау ауылының байлары тобының мүшесі болған.

6. **Өтегүл Сырымбеков** – 50 жаста, Орда ауданының Қасымтау ауылының тұрғыны, бай, сайлау құқығынан айырылған, сауатсыз, партия қатарында жоқ, кәсібі бойынша малшы, отбасылы, өзінің айтуы бойынша сотталмаған, колхоздарды ыдырату бойынша Қасымтау ауылының байлары тобының белсенді мүшесі, өзінің ағайыны Қ.Сырымбековтің үйінде болған байлардың контрреволюциялық жиылысына қатысқан.

7. **Төлепқали Мұлхайдаров** – 40 жаста, Қасымтау ауылының тұрғыны, бай, сайлау құқығынан айырылған, шала сауатты, партия қатарында жоқ, малшы, отбасылы, өзінің айтуы бойынша сотталмаған, Қ.Сырымбековтің үйінде өткен байлардың жасырын жиналысына қатынасқан, халық арасында кеңестік билікке қарсы үгіт-насихаттар жүргізген.

8. **Лұқпан Бектеміров** – 47 жаста, Сүйіндік ауылының тұрғыны, 1913 жылдан 1923 жыл аралығында молда болған, бай, сайлау құқығынан айырылған, шала сауатты, партия қатарында жоқ, малшы, отбасылы, өзінің айтуы бойынша сотталмаған, Қалмақ облысында жасырынып жүрген байлар тобымен және Қасымтау ауылының байларымен байланыс жасаған.

9. **Омарғали Жанғалиев** – 45 жаста, Сүйіндік ауылының тұрғыны, революцияға дейін әртүрлі лауазымды

Қылмыстық кодекстің 58-10, 59-13-баптары негізінде төмендегідей шешім қабылданған. «К.Срымбеков, У.Уталиев, К.Айтқалиев, Т.Мулхайдаров, О.Джанғалиев, Л.Бектемиров – он жыл мерзімге концлагерьге жабылсын, мерзімі 3/VII-32 ж. есептелсін. К.Курмашев, Ш.Джардемов, У.Срымбеков – бес жыл мерзімге концлагерьге жабылсын, мерзімі 3/VII-32 ж. есептелсін. Барлығының мүлкі тәркіленсін».

Сөйтіп, ұжымдастыру саясатына қарсылық білдіргендері үшін сотталған Орда ауданының үш ауылының адамдары жазаларын өтеу үшін Қарлағқа жөнелтілген. Ал олардың кейінгі тағдырлары туралы мәлімет жоқ. Дегенмен 1989 жылы 13 шілдеде жазықсыз айыпталған Орда ауданы азаматтарының барлығы Орал облыстық соты Президиумының қаулысымен ақталған.

Орда ауданы байларының ұжымдастыру саясатына қарсы бас көтеруі – 1928-1932 жылдардағы Орал округіндегі халық көтерілістерінің құрамдас бір бөлігі. Олай дейтін себебіміз, бұл бас көтерулердің Жаңақала көтерілісімен байланысының болғандығы анық байқалады. Өйткені Жаңақала көтерілісіне қатысып, тергеуден босаған адамдар Орда ауданына келіп қоныстанған, одан әрі Астрахань округіне, Қалмақ облысына қарай қашқан. Қ.Сұлтанғалиев, О.Жетібаев, М.Зайналиев және тағы басқалардың Жаңақала өңірінен шыққан көтеріліске қатысушылар екендігіне архив деректері дәлел болады. Міне, осындай белсенді көтерілісшілер Орда ауданы байларына идеялық қолдау көрсетіп, кеңестік билікке қарсы күресте оларға демеу болып отырған.

Орда ауданы байларының бас көтеруінің мақсат-мұраттары казак халқының ұлт-азаттық қозғалысымен үндесіп жатыр. Сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйеге қарсы тұра білген қайсар рухты жандарды халық батырлары деп тануға, олардың ерліктерін қазіргі жас буынға үлгі-өнеге етуге әбден лайық. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық саяси ақтау, олардың есімдерін бүкіл қоғамға таныту және дәріптеу – еліміздің басты идеологиялық ұстанымының бірі. Бұл жағдай халқымыздың тарихи санасының жаңғыруына негіз болып, Жаңа Қазақстанның рухани-мәдени дамуына жол ашады.

Ескайрат ХАЙДАРОВ,

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Батыс Қазақстан облысы бойынша комиссия мүшесі